1284/4

# ПАПКА
# ДЛЯ
# БУМАГ

[illegible] ... ожения студента Покло[illegible]

1244

... ФАН СССР ...
1244.
... и неуд. мсов.

1244

Рукопись № 21
40

К. Кырг.

Токтогул

# Папка № 21

## для бумаг

Казахские газеты
о Токтогуле

25. XI. 1864 ç.

# Qьrƣьz qalqьnьŋ ŭlь aqьnь Toqtaƣ

TOQTAƢUL

## NASIXAT ÇЬRLAR

Denjŋ sauda erjnʙei,
Bekerljkke ʙerjlmei,
Ɵmjrjŋdj ɵtkjzjp.
Qatardan qalma kɵrjnʙei.
Ekpjndetjp eŋʙek et
Erjncek, çalqau deljnʙei.
Erdjŋ kycj — som temjr.
Erjtuge er kerek.
Oiqa alqanьŋ jstelsjn
Ekpjnjnnen dongelep.
Er çjgjttjŋ ʙelgjsj
Ūmtьlar orge ɵrmelep.
Eŋ ʙolmasa çer çьrtьp.
Egjn aidau sol kerek.
Ɵz qolьŋda ʙolmasa,
«Ɵldjm» deseŋ kjm ʙeret.
Kyljp, oinap oirandap,
Kycjŋ ʙarda jstep ɵt.
Çerdj, kɵktj sairandap
Auzьŋmen qūs tjstep ɵt.
Eŋ ʙolmasa er çjgjt
Eŋʙegjnnen kyt ymjt
Arьq qazьp arlanʙai,
Qūlaq ʙailap çer çjʙjt.
Çaqsь azamat tyrlener,
Çanqan qaulap çalьndai.
Çaqsьlьqьn kjm ʙjler
El auzьna calьnʙai.
Ɵtjrjk, ūrlьq ɵsekten,
Çyrer aulaq malьnʙai.
Qaisar ʙolar qaitʙaitьn
Çauьnan qorqьp çalьnʙai.
Qairattь er qaçьmas,
Tjsjŋ ʙarda tas caina,
Qalsьn kyl ʙop qara tas
Qazanda qainap otta oina
Tegjn dynia taʙьlmas,
Jstemeseŋ mal qaida!
Egjn aidap, coʙjŋdj cap,
Eŋʙegjnnen paida tap,
Eŋ ʙolmasa ermek qьp,
Azdь, kɵptj malьŋ ʙaq.
Er çjgjttjŋ ʙelgjsj.
Çasьnaidь çalьndap.
Qolda ʙardan airьlsaŋ
Qiьn qaitьp taʙьlmaq.
Ɵlgenjnce qor ʙolmaid
Ɵksjgenmen nietj aq.
Çamandьqqa calьnʙaid.
Ɵz ʙasьna ɵzj saq.
Ɵlmei tjrj qalmaisьŋ,
Çan amanat oilap ʙaq.
Ьrьldaspa tjrjŋde,
Ьrьs alda ьntьmaq.
Malь ʙar dep ʙjreudjŋ,
Bailьqьna ьntьqpa,
Arlь ʙol da actan ɵl,
Arsьz ʙolьp qol sūqpa.
Aqьl qazьq, acudь —
Soqan orai ʙailaŋdar.
Acudь çoiьp, aqьldь
Alqa ūstaudь oilaŋdar.

Eldj ʙaqsaŋ top çina.
Eldjŋ ūlь er ʙolsaŋ
El ycjn ɵl, çan qida.
Egjn ekte çaqsь ʙaq,
Eŋʙegjŋ ɵner çaltьldai.
Qamʙa tolar qap tolar
Qьzara ʙɵrtjp altьndai.
Çasьŋda kɵr ʙeinettj,
Çalqaulanьp tartьnʙai
Qartaiqanda kɵr raxat
Kɵzjŋe jrjŋ toltьrmai.
Qaraqcь ʙolad kei aqmaq,
Qara nan da taʙalmai.
Qoia ʙered qatьnьn
Qūra ʙasьp ʙaqalmai.
Egjn salqan diqandь,
Eserler qorlap taʙalar,
Ūzaqqa ʙarmai sol eser.
Sol diqandь çaqalai.
Ondai eser sūmdarьŋ,
Sūmdьq jske syisjner.
Adal tuqan ūldarьn
Qalqь syjjp isjner.
Erdjŋ qadjrjn el ʙjler,
Eŋʙektenjp el ʙaqqan.
Çaudьŋ qadjrjn el ʙjler
Sadaqьnan oq tartqan.
Aŋnьŋ qadjrjn sol ʙjler,
Būqь, maral, tyikj atqan.
Aqьnnьŋ qadjrjn kjm ʙjler,
Būlʙūl tjljn sairatqan.
Aidьŋ qadjrjn sol ʙjler,
Tysj qacьp tyn qatqan.
Ermeksjz yide çatqanca,
It çygjrtjp sal qaqpan.
Nenjŋ qadjrjn ʙjledj,
Qarnьn sipap tek çatqan.
Çarlьlьq ʙailьq kjmde çoq,
«Çarlьsьŋ» dep kemjtpe.
Çoq nərsege çūlqьlap,
Erdjŋ qūnьn kemjtpe.
Az ɵmjrdjŋ jcjnde,
Tatu ʙol da tɵttj ʙol.
Araŋdь ʙūzar ducpaŋqa,
Alausьz, acь qattь ʙol.
Ala kɵŋjl aqmaqtar,
Dostьqьnda tūralmaid
Kɵrjngenge sol qūmar
Dos qadjrjn ʙjle almaid.
Əieljn qorlap çəʙjrler,
Qoi degenge tjl almaid.
Naq osьndai adamnьŋ,
Qūmarlьqь qanʙaidь.
Aqьlь çoq nadannьŋ,
Mjnezj çeŋjl qalmaidь.
Kɵr auzьna ʙarqanca
Kɵrgenjne nanʙaidь.
Qьrь ketken çjgjttjŋ
Eŋʙegj sjrə çanʙaidь.
Sorasь aqqan sorlьqa
Qьdьr darьp, ʙaq qonʙaidь.
Çazьqsьz çarlьnь talaqan,

TOQTAƢUL

(YZJNDJ)

Eŋ əuelj çaralqan?
Dynieden çьrqap [1]) ɵtuge
Esjŋ ʙolsa çjgjtter
Qapa qьlьp tjkdemei,
Qairьla çyr çetjmge.
Ɵtjp ketken jsjŋnjŋ
Artьnan ʙeker ɵkjnʙe.
Kɵterjljp kɵp sɵilep,
Orьnsьz çerde kɵpjrme.
Qūrьcьŋdь maiьrьp
Tas capqandai ketjlme.
Ərkjm oilait çaqsьlьq,
Talaptь jske çetuge.
Soqtьqpa ʙeker çьrtaŋdap,
Çetjm menen çesjrge.
Ūiatь ʙar adamnьŋ
Nūrь ʙolat ʙetjnde.
Aldap aitsa ʙjr ʙūzьq,
Azqьrьndь tjlge esjrme.
Bolmas çerden sot ʙolьp
Çazaqa aqtai kesjlme.
Aidalqan ʙūl Toqaŋdai,
Aidauda çyrjp ezjlme.
Qanca çьl tartqan azaʙьm,
Qaiteljn cьqpait esjmde...
Qairattь ʙolar çjgjttjŋ,
Otь ʙolat kɵzjnde.
Aitqan sɵzjn orьndar
Tūraqь ʙolat sɵzjnde.

Artьq sɵilep kɵpjrgen
Opasьz adam kɵp ʙolat.
Orьnsьz çerge kjrjsjp,
Osьnca çūrtqa kep ʙolat.
Tura çyrmei qisaŋdap,
Tuqannan alьs cet ʙolat.

Çaqsь əieldjŋ ʙelgjsj
Çaidarь ʙolar kjsjge.
Çūmьsьn erte ʙjtjrjp,
Çūmьla qarar jsjne,
Adamdь tartar ɵzjne,
Ər kynj kjrjp tysjne.

Ɵren çyirjk ʙelgjsj.
Bɵlgeden keler syrjnʙei.
Çaqsь əieldjŋ ʙelgjsj
Çarqьn ʙolar, çaʙьqpas,
Ūstaranьŋ çyzjndei.
Kɵterjljp kɵp sɵilep,
Bolmas jske kyimegjn.
Alqan çarьŋ ças ʙolsa,
Aqьrьn aitьp yndegjn.
Aqьlьŋ çetse ər jstjŋ,
Tetjgjn ʙjljp sɵilegjn.
Aidalqan ʙūlʙьl Toqaŋdai,
Çalaqa əqtai kyimegen.
Aidauda saqal aqarьp,
Azaʙьn tarttьm dynienjŋ.
Ūmtьl ʙallar talaptan,

Korjngenge maqtanʙa
Togjlgen çьrь Toqanьŋ
Ylgj ʙolar ügganqa.
Boracь ʙolma çigjtter.
Koterme alьp kypesten.
Tьnqa tьn paida dep.
Kypes qьlar senj çem.
«Áluqa altь ьz» degen
Arьzьŋ aitqan ʙolmas em.
Odanda korj egjn sal,
Çeŋjndj tytjp çüŋьр
Eŋʙekpenen tapqan mal
Naqьz saqan sol myljk.
Eŋ ʙolmasa eckj ʙaq.
Eckj tuar ye ьlaq.
Auzьŋ aqqa çaridь
Saunp jeseŋ ye uaq.
Eckj ʙaqsaŋ cөp çina.

Çauuѕj çolь ottьaidь.
Ьrьs aldь ьnьmaq.
Ьrьlmaspa qarьndas.
Bjljmdj tuqan azamat,
Bjr-ʙjrjne çardemdes.
Өtkenjn ʙjlmei өmjrdjŋ.
Kөmjler kөrge altьn ʙas.
Өnerjŋ ʙolsa өrge cap.
Eŋʙegjŋmenen elge çaq.
Elge panaŋ ʙolmasa
Eljrmel sorlь yide çat.
Өlgenjmce toqtama.
Ylgj sөzden tjlmen çaq.
Asьl sөzdj at qьlap.
Auzьmnan aq ʙülaq.

Qьrqьz tjljnen audarqan:

M. XAKIMÇANOVA.

Bülʙül Toqam çьrь dep.
Çyrersjŋ aitьp ʙjlgenjŋ.

Qartaiqanda seiletjp
Alçьtpasьn adamdь.
Qalarsьŋ ʙallar zianqa.
Çoldas qьlsaŋ nadandь.
Aramdьq penen azqьrьp.
Büzar taza sanandь.
Aiьqtьrmas, auьrlatar.
Bolar ʙolmas çarandь.
Qasьŋa çaqьn keltjrme
Kesjrj tier adamdь.
Çoldas ʙolsaŋ osьlar
Bjldjrmei senjŋ sьrtьŋnan.
Baiqap çyrer camandь.

¹) Çьrqap — ʙaxьtь degen maqnada.

# TOQTAQÜLDЬŊ QЬSQACA ӨMJR BAIANЬ

(1864—1933)

Toqtaqül kedei semiadan cьqqan. Ol 1864 çьlь Susamьr ʙolьsьnьŋ Sasьq Çide aulьnda tuqan. Onьŋ əkesj—Saьlqan, çer kəsjʙjmen qьzmet etken otьrьqcь carua edj, keijnde Qaranʙaqa degen ʙaidьŋ çalcьsь ʙoldь. Saьlqannьŋ ültь qьrqьz. Cecesj—Bürma Axoldon degen kedei caruanьŋ qьzь. Cecesj ən salьp, olьnan çoqtau cьqaratьn adam ʙolqan. Toqtaqüldьŋ ʙalalьq caqь өte auьr türmьsta өttj. Bül turalь onьŋ өzj: „Tuqandarьmnьŋ tamaqqa çarьmaqan çəne alqьs almaitьn auьr eŋʙektjŋ azaʙьn tartqan caqtarь, Sasьq Çidenjŋ ʙzqarlь taʙiqatь menjŋ oiьmda məŋgj saqtalьp qaladь" deitjn. Toqtaqüldьŋ talantь tjpti erte oiandь. Ol çastaiьnan өleŋ cьqara ʙastaidь Bjraq ʙaiьraq Toqtaqülqa ʙül өnerjn өrjstete ʙeruge tura kelmeidj. Əltsede darьndь, zerdelj, ütqьr ças, çьrcьlardьŋ aitьsьnan qalmaidь, onь qomarьtьp tьŋdap, qaqьp alьp, keŋjljne toqi ʙeredj. Kecke qarai cecesj oqan qalq auzьndaqь ertekterdj aitadь. Bül, ʙalanьŋ ol өrjsjn keŋei tuge edəujr seʙep ʙoladь.

Toqtaqül 1882 çьlь ʙjr çiьnda Qürʙan—Tөʙedegj Diqanʙai ʙalasь çьrcь Arzьmet pen aitьsadь. Kedeidjŋ onsegjz çasar ʙalasь Arzьmʙettj çeŋjp ketedj, sonan ʙьlai qarai qalq arasьnda onьŋ Toqtaqül atь cьqa ʙastaidь. Çergjljktj ʙailar men manaptar ças Toqtaqüldьŋ ʙatьl,ʙostandьqtь kөksegen өleŋderjne dücpandьqpen qaraidь, onь tyrljce aldap—sulap, aqcaqa qьzьqtьrьp, өzjnjŋ çьrcьsь etuge tarasadь. Toqtaqül olarqa ʙьlai dep çauap ʙeredj: „Men kedei ʙolsam, kedei ʙolsьn, ʙjraq qalq syise ʙolqanь. Maqan osьdan ʙasqa eceŋe kerek emes".

Qalda çiьn, toi ʙolsa, qьz oinaq ʙolsa, Toqtaqül sonan taʙьladь. Өzjnjŋ ər aluan өleŋderjnde qalq poeziasьn keŋ qoldanьp, qalq meiramdarьnda çьr çьrlaidь.

1884 çьlь Toqtaqül өzjnjŋ auldasь Qaraʙolat qьzь Totьqqa ylenedj. Bül kezde ol ataqь əlde qaida ketken ʙelgjlj aqьndь. Onьŋ „Nasixat çьrь",„Əljmqan",„Çastьq turalь" degen, taqь ʙasqa өleŋderj qalq auzьnda keŋjnen taralqan өleŋder edj. Alaida Toqtaqüldьŋ daŋqь aŋьzьmen qatar, onьŋ çaularьnьŋ ol çөnjndegj kyncjljdjgj de artь. Toqtaqüldьŋ aulь-Ketmen Tөʙedegj ʙai, ьrpaldь Rьsqülʙek ʙalalarь oqan ecjktj.

Bül çьldarь Orta Aziada qalq ʙüqarasьn ezu, qanau əʙden kyceigen edj. Patca kolonizatorlarь Qoqand xandьqьn çoiqannan keijn, patca cinovnikterj, çergjljktj səudegerler, üru ʙascьlarь-ʙai, manaptar arqьlь Qьrqьzstannьŋ eŋʙekcj ʙüqarasьn qanauqa, ʙasьp alьnqan çerge sauda kapitalьnьŋ qolьn çeikjzuge ümtьldь. Maqta ʙailьqь, sansьz kөp mal, resei maqnattarьna milliondaqan çaŋa paidanьŋ kөzjn actь. Ol kyndegj Qьrqьzstan, ekonomika çөnjnen artta qalqan, negjzjnen alqandь-mal caruacьlьqь men kəsjp etetjn, feodaldьq-rucьldьqtьŋ qaldьqtarь өte-mөte kyctj, resei sarizmjnjŋ kolonialarьnьŋ ʙjrj edj. Өtken qasьrdьŋ soŋqь çiьrma ʙes çьlьnda eŋʙekcj diqandardь kədjmgj qüldardьŋ qatarьna qosa otьrьp çəne ültьq kolonialьq ezudj onan saiьn cieleŋjstjre otьrьp, sauda kapitalizmj өrkendei ʙastadь.

„... Patcalьq resei ʙarlьq ezucjljk ataulьnьŋ—kapitalistjk ezudjŋ de, kolonialьq ezudjŋ de, soqьsьq ezudjŋ de—adamgercjljkke çatpaitьn çəne varvarlьq formasьnьŋ ordasь ʙoldь." (Stalin). Çergjljktj samoupravlenie dep ataiatьndarqa patca ykmetjne çaqьmdь, senjmdj adamdar sailanatьn. Jstjŋ cьn mənjsjn alьp qaraqanda ʙül kolonizatorlьq saiasattьŋ ʙjr tarauь edj. Qalьŋ ʙüqaranь qüldьqta çəne qaraŋqьlьqta üstau ycjn sarizm өzjnjŋ soiьlьn soqatьn adamdarь-ʙolьs, ʙiler, aulnailar, sudialar, taqь ʙasqalar arqьlь cet typkjrlerde patriarxaldь feodaldьq ezudj kyceitti.

Toqtaqüldьŋ tuqan çerjnde resei patcasьnьŋ itarcьsь Rьsqülʙek ʙalalarь ʙoldь. Olar qalqtь çaman qanadь, camasьz kөp salьq saidь. Üru talasь ʙüranqьsьnan da çaman qьza tystj. Qalqtьŋ aldьŋqь qatarlь ʙəljmderjnjŋ oiьna revolutsialьq sezjm kjrdj. Orьs samoderçavlasьnьŋ ültьq ezujn çek kөretjn Toqtaqül Rьsqülʙek ʙalalarь—Diqanʙaiqa, Baqtьsqa, taqь ʙasqalarqa qarsь ʙelsendj kyresedj, olardьŋ qьlmьstarьn, çalmauzdьqьn, өtjrjgjn əckereleidj. Toqtaqül өzjnjŋ „Bes manap" degen өleŋjnde (1894 çьlь) qalqtь aiuandьqpen tonaqan ystemdjk alqan ʙes qьrqьzdь өltjre masqaralaidь.

Otьz çasьnda ol çalpь çürtqa məljm, əigjlj aqьn ʙoladь. Onьŋ poeziasьnьŋ saiasi çolь çьldan-çьlqa aiqьndala ʙeredj. 1897 çьlь aqьn „Gylden", „Qьzьq nede" degen lirikalь өleŋder men qatar çergjljktj ʙurçuazia men orьs cinovnikterjne qarsь өleŋder çazadь. Büqan, onьŋ „Ican xalfe" degen өleŋj dəlel. Aqьn ʙül өleŋjnde molda, icandardьŋ ozʙьrlьqьn, çürttь aldaitьnьn çьrlaidь.

Mьŋ Tөʙedegj Ican Müxammed—Əlj 1898 çьlь kөpjr djnjndegjlerge qarsь soqьs çariialaidь. Ültьq azattьq kyres keŋ çaiьlьp, çalpь qalqtьq soqьsqa aiнальp ketuge deijn talana

Redaksianьŋ adresj: Qostanai qalasь, Gogol kocesj. № 50 Telefon nomerlerj: Çauaptь redaktor — 1— 78. Çauaptь
Y. 8921
Qazpoligraftrestjŋ Qostanai oʙl.

…ÇOB

# …ŋйl Satьlƣanovtьŋ tuƣanьna 75 çьl

25. XI. 1940 ç.

## T E R M E

Olьmsqdь ʙüzьp esektep,
Aqaiьnьŋdь çat qьlьp
Acьp qoiat araŋdь.
Büzьlьp kɵz qarasь,
Çyrek qanь qarolap,
Tyzu ʙermes sələmdj.
Yijp qoiar ʙasьŋa
Paidasь çoq zalaldь.

Aramdьqtьŋ ʙelgjsj.
Çon sɵzge çauap ʙermegen,
Adamdьqtьŋ ʙelgjsj,
Tarixta məŋgj ɵlmegen.
Kedeiljktjŋ ʙelgjsj
Teŋ qürьbьs kelgende
Berergə as taʙьlmai
Mart çjgjtter terlegen.
Saraŋdьqtьŋ ʙelgjsj
Barьn çoq dep tьqqьslap
Çarqьratьp as ʙermegen.
Cьmandьqtьŋ ʙelgjsj
Mьŋ salqanda ʙjr ʙaspai
Tesjngende terlegen.
Çalqaulьqtьŋ ʙelgjsj
Çiьn topqa kjrmegen,
Çaqsь, çaman ar jstj
Ɵzj çyrjp kɵrmegen.
Çamandьqtьŋ ʙelgjsj
Ɵz paidasьn ʙjlmegen.
Çan acьrь çon aitsa
Qarsьlasьp qol sermegen.
Nadandьqtьŋ ʙelgjsj
Orьnsьz sɵilep tarqьldap,
Arsьldap retsjz tjldegen.

Ɵzj ɵlse Toqaŋnьŋ
Çastarqa qalar ylgjsj.
Talaptь çastar yirener
Toqaŋdь kelse ʙjlgjsj.
Əieljŋ alsa ʙetjŋnen
Çjgjttjŋ keler ɵlgjsj.
Ɵmjr ʙolsa dyniede —
Ne kɵrmeidj er kjsj.

Çailaudaŋ kɵrkj acьlad,
Çaiьlьp caqqan malmenen.
Bülбüldьŋ kɵrkj acьlad
Büralqan qьrcьn talmenen.
Çjgjttjŋ kɵrkj acьlad
Syijp alqan çarmenen.
Torqai sairait üiqtamai,
Aqarьp atqan taŋmenen.
Qaradai adam jce almait,
Caidaŋ kɵrkj nanmenen.
Cahardьŋ kɵrkj tam menen.
Saiqьnnьŋ tier paidasь
Saratan ьsьq çolmenen.
Çarьsьp cauьp olnasa
Ballardьŋ kɵrkj talmenen.
Calama zauqь çaralqan,
Eckj, teke, qoi ʙeran.

Qartaisamda ʙallarьm
Taŋ atьp kyndj cьqarьp
Bastalьn üzaq termeden.
Aman keled alьstan
Açal çetjp ɵlmegen.
Qamaudan aman ʙosanqan
Qairan Toqaŋ men ʙolam,
Qorlьq çoq men kɵrmegen.
Aqaiьn tuqan qor qьlad,
Aitqanьŋa kɵnʙegen.
Aqьldь tuqan azamat
Qisьq jstj çəndegen.

Kɵptjk qьlma çalqьzqa,
Kɵp timegen ʙaiqüsqa.
Jrjljk qьlma çalqьzqa
Jrj sɵileme ʙaiqüsqa.
Qolьŋnan kelse tartьnʙai,
Qairьla ket qarьpqa,
Qarьptьŋ tier, paidasь
Cьqarsaŋ çastar çarьqqa
Adamnan qalar ər sonar,
Çoqaltьas çoqcь, tarixqa.
Aqьlь çoq ʙoz ʙala,
Əuestener ɵsekke.
Ürlьq, qarlьq ʙüzьqtьqtь
Bürьn alar esepke.
Adam demei alqanьn,
Tɵʙeleser tɵsekte.
Aqьlьŋ oqan em ʙolmas,
Aitqanьŋ sjrə çon ʙolmas,
Çaraspaidь çapqanmen
Alьl türman esekke.
Çɵnjne çɵndep çyre almai,
Çauьzdьqqa çaldanar
Çon aitsaŋ sjrə tjl almai
Kɵterme tjlge aldanar.
Et, qьmьzqa qьzьqьp,
Atsqьn ʙaidьŋ maldanar.
Bjr tolqanьn ar qьlmai
Beiljnen tauьp qarmanar.
Dos düʃpanьn ʙjle almai
Kjsj qatarьna kjre almai.
Aqьrьnda ʙjr sandalar.

Çɵn cyrmegen çoq ʙolat.
Qairattь çjgjt coq ʙolat.
Qaptaqan qalьŋ çau ʙolsa
Qarsь sɵilep oqtalat.

Çauьzdьq qьlqan adamnьŋ,
Alaqь çjpsjz ʙailanad.
Bjljmdjge ergen nadannьŋ
Jsj oŋqa ainalad.

Çatpa çalqa ʙoz ʙala
Ças uaqьnda ʙekerge
Çoq çerden sɵz taʙьlar
Çaŋьlmas qlьn cecenge.
Kynəsjz aqtai aldalqam,
Qarsь sɵilep esenge [1])

Erljksjz eŋʙek ɵnʙeidj.
Beker qarap türqanqa
Kjm riza ʙolmaidь.
Ədjl, adal eŋʙegjn
Elj yçjn qьlqanqa
Ata, ana tuqannьŋ
Dynie yçjn kɵŋjljn qaldьrma.
Qanca dana ʙolsaŋda
Açal keler ʙjr çanqa
Talai tyrlj adam ʙar,
Sɵz asьlьn syimegen
Talai soqьr nadandar
Çaqsьlьqtь ʙjlmegen
Talai çaman tuqan ʙar
Qaiqьŋdь ʙele qaiqьrьp
Quanьcьŋa kylmegen.
Talai asqan dana ʙar
Bjljmsjzdj çəndegen.
Aqkɵŋjl talai adam ʙar
Çamandьqtь ʙjlmegen.
Çaman adamqa çal ʙjtse
Çaqьnьn kɵzge jlmegen.

Tuqanьŋdь çamandap
Düʃpanьŋa qacpaqьn.
Çoldasьŋdь çamandap
Aʙroiьŋdь acpaqьn.
Çarьŋnan çəʙjr kɵrseŋde
Sьrьŋdь sьrtqa cacpaqьn.
Adam ʙolsaŋ tura çyr
Qalt etjp qisьq ʙaspaqan.
Aidaudan kelgen Toqaŋnьŋ
Kɵrgenj kɵp çastarьm.
Artьmda qalsьn ʙjr nüsqa
Senderge arnap tastadьm.
Sorqalap oq çausa da
Çasqanьp çaudan qacpaqьn.
Aq qalpaq qьrqьz çürtьma
Sɵzden altьn cacqanьm.
Aqьzьp çьrdьŋ ʙülaqьn
Qandьrьp eldjŋ qülaqьn
Çanьmnьŋ sьr sandьqьn
Çьrmen ʙüraр acqanьm
Erjkkende eljme
Ermek qьlqan dastanьm.

Ekeuge ʙjreu ʙatalmait
Attьqa çaiau çete almait.
Eŋjrep tuqan er çjgjt
Tuqannan alьs ketalmait.
Qairattьnьŋ aldьnan
Qarsь düʃpan ɵte almait.

Orьlar çyred tyn qatьp,
Mekendep elsjz dalanь.
Terlemei tauьp tegjn mal
Asьrap qatьn, ʙalanь.
Icandar çyred el kezjp,
Çanaza, pjtjr, qüсьr dep,
Acьlьp ketken aranь.
Camasь çoq çarlьnьŋ